

ӘОЖ 343.9.01 (574)

Д.Ө.Өзбеков

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: d_ozbekov@mail.ru)

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық сыбайластық ұғымының кейбір мәселелері

Мақалада ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу мәселелері қарастырылды. Автормен ұйымдасқан қылмыстылықпен тиімді күресуді жүзеге асыру мақсатында және қылмыстық сыбайластық нысанының түсінігіне қатысты қылмыстық заңда нақты анықтамасын бекітуге байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін жетілдіру бойынша бірқатар негізді ұсыныстар жасалды.

Кілмті сөздер: ұйымдасқан қылмыстық топ, қылмыстық сыбайластық, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі.

Қылмысқа қатысу — бұл қылмыстық іс-әрекеттің ерекше түрі, оның мәнін бірлескен қылмыстық іс-әрекет құрайды. Қылмысқа қатысу нысанын айқындау бірлескен қылмыстық іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі деңгейін сипаттауға, мұндай іс-әрекеттің дұрыс сараптамасын беруге, қылмысқа қатысушылардың жауапкершілік шектерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қылмысқа қатысу нысандарын қоса ұйымдастырушылықтың деңгейіне байланысты жіктеуге болады. Әдетте қоса ұйымдастырушылық деп құбылыстың ішкі тәртібін, оның элементтерінің өзара байланыстарының жүйесін түсінеміз. Сондықтан да осындай өзара байланыстардың жүйесін түсінуге өте маңызды, оның ішінде оны қандай элементтер құрайтыны, құбылыстың элементтерінің өзара байланыс құрылымы қаншалықты қатаң екені, жүйе неғұрлым ұзақ әрекет етуге, құлдырауға немесе оның бұзылуына қатысты сыртқы ықпалына қаншалықты дайын екені аса маңызды. Қылмысқа қатысу жүйе ретінде қылмысқа қатысушылардан (орындаушылардан, ұйымдастырушылардан, азғырушылардан, көмектесушілерден), олардың функционалды және субъективтік байланыстарынан тұрады. Бұл байланыстар жинақтай келе ұйымдастырушылықтың деңгейін көрсетеді, қоса ұйымдастырушылықта басқа ештеңе жоқ. Қоса ұйымдастырушылықты анықтауда ерекше мәселелер туындау мүмкін емес, қылмысқа қатысушылардың қызметтерін, олардың өзара байланыстарын, сондай-ақ субъективтік байланыстың тұрақтылық деңгейін анықтау жеткілікті, өзара байланыстар, неғұрлым күрделі болса, олардың деңгейлері неғұрлым терең жіктелінсе, сонымен қатар қылмыстық ұйымдардың бағытталу шеңбері әлеуметтік институттарға қарағанда неғұрлым кең болса, соғұрлым қылмысқа қатысудың қоса ұйымдастырушылығы жоғары, ал қоса ұйымдастырушылықтың деңгейі соғұрлым жоғары немесе төмен болады. Мәселелер қандай да бір субъектілердің мінез-құлықтарының функционалды окшаулануға айқындық жоғалғанда, қандай да бір байланыстардың қылмыстық мағынасында, оның ішінде субъективтік байланыстардың тұрақтылығында туындайды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 31-бабында көрсетілгендей, ұйымдасқан қылмыстық топ жинақтала түссе немесе екі немесе одан да көп ұйымдасқан қылмыстық топтар ауыр және аса ауыр қылмыстарды ұдайы істеу мақсатында біріксе, ол өзінің сапасы бойынша қылмысқа қатысу нысанынан қылмыстық қауымдастық (сыбайластық) түріне өтеді. Олар біріккен не құрылған сәтінен бастап, қылмысқа қатысу нысанының жауапкершілігі ауыр түрі, қылмыстық ұйым ретінде саналады.

Қылмыстық сыбайластық — кейбір тұлғалардың топтық бағытталуы максималды түрде көрініс табатын топтық ұйым. Осылай деп біз ұйымдасқан қылмыспен күрес туралы айтқан кезде түсінеміз; осы көп жағдайда демократиялық қоғам жағдайында қол жеткізбес күйге ұшырайды. Тұлғалардың осындай ұйымында «қылмыскерлер байланысының» белгілі бір тұрақты ұйымдастырушылық нысандары қалыптастырылады, мақсаты қылмыспен айналысу болып табылатын берік қылмыстық сыбайластық құрылады.

Жоғарыда көрсетілгеннен қылмыстық құқық теориясында бұл қатысушылықтың нысаны бұрыннан белгілі екені көрініп тұр, бірақ авторлар оны ұйымдасқан топтың ішіне кіргізді немесе қатысушылықтың дербес нысаны ретінде бөлді. Заң шығарушы ұзақ уақыт бойы қылмыстық сыбайластықты Ерекше бөлімде дербес қылмыс түрлері ретінде көрсетті (бандитизм, сөз байласу т.с.с.).

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 31-б. 4-б. қатысушылықтың аса қауіпті нысаны ретінде көрініс тапты: «Егер қылмысты ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін құрылған бірігіп ұйымдасқан топ (ұйым) не нақ сондай мақсатпен құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігі жасаса, ол қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады». Біздің ойымызша, бұл анықтама қанағаттанарлықсыз.

Зерттелетін қатысушылық нысанның екі атауы түсініксіз — қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым), осыдан аталған санат терминологиялық қатаңдықтан айрылып отыр. Осы жерден заңнама синонимдердің пайдалану аясын тар ғып көрсетеді және қылмыстық сыбайластықты ұйымдасқан топ арқылы анықтауға мәжбүр болады, ол бірнеше сұрақтарды тудырады: «Қатысушылықтың осы нысандары бір-бірімен қалай әрекеттеседі», «қылмыстық сыбайластық ұйымдасқан топ болып саналады ма» деген сұрақтар туындайды.

Кез келген жіктеудегі басты ережелердің бірі — белгіленген топтың толық дербестігі. Сондықтан да бүгінгі таңда заң шығарушы қоғамға ҚР ҚК 31-баптың 1-4-бөліктерінде қарастырылған жіктеуді қылмысқа қатысудың дербес нысандарына ма, әлде өзара орындарын ауыстырған топтарға бағыттады ма деген сұраққа жауабын таба алмады. Кейбір ғалымдар қылмыстардың түрлерінде туындаған ара-қатынастылықты олардың бөліктерінің шағылысу ара-қатынасы ретінде қарастырғысы келеді, бірақ бұл жағдайда нақты және анық заңның орнына біз тек болжаулы білімдердің нәтижелер алуымыз мүмкін. Сондай-ақ бұларды сот өзінің қалуына қарай қолданады (ұйымдасқан топты алдын ала сөз байланысусыз адамдар тобы ретінде танығысы келсе, таниды). Бұндай көзқараспен келісуге болмайды. Сонымен қатар бұл тұтастай заңға сәйкес келмейді. 1 және 2-бөлімді салыстыру олармен белгіленген қылмысқа қатысу нысандарының толық жекеленгенін көрсетеді, яғни алдын ала сөз байланысусыз адамдар тобы алдын ала сөз байланысумен топ бола алмайды, тура бұл жағдайды 2 және 3 бөлімдерді салыстыру арқылы анықтаймыз, себебі алдын ала сөз байланысумен адамдар тобы ұйымдасқан топ бола алмайды. Бірақ ҚР ҚК 31-б. 4-б. «қылмыстық сыбайластық» ұғымын белгілеуде оны ұйымдасқан топтың түрі ретінде айқындайды. Бұл жерде заң шығарушы оның екінші түрін анықтауы тиіс (топ 1 кіші топтан тұра алмайды), не болмаса оны ҚР ҚК 31-б. 3-б. қарастырылған ұйымдасқан топтың екінші түрі ретінде тануы қажет. Тек сонда ғана ҚР ҚК 31-б. 1 және 2-б. көрініс тапқан қылмысқа қатысу нысандарына қарама-қайшы қоя алатындай, ұйымдасқан топтардың класын белгілеуі мүмкін. Заңда ұйымдасқан топ пен қылмыстық сыбайластықты белгілі бір дәрежеде теңестіру толығымен қолайсыз нәтижелерге әкелді, бұл жөнінде кейін айтылады. Біздің ойымызша, қылмыстық сыбайластық, қылмысқа қатысудың барлық қалған нысандарындай, өзінің арнайы белгілеріне ие дербес заң шығарушы категория ретінде ұсынылуы керек.

Ұшырасатын мән-жайлардың екіншісі — заң шығарушымен қылмыстық сыбайластықтың екі түрлігін регламентациялау: берік (сплоченная) ұйымдасқан топ пен ұйымдасқан топтардың бірлестігі. Соңғысы заң шығарушымен дәлелсіз құрылды деп саналады. Оны қарастырудың барысында 2 нұсқа болуы мүмкін: қылмыстық сыбайластықпен қандай да бір ұйымдасқан топтарды толық қамтуын талдау, сондай-ақ белгілі бір ұйымдасқан топтардың қылмыстық сыбайластықтарға жекелей енуін талдау. Аралық нұсқалар болуы мүмкін, бірақ негізгі мағына онда емес. Бірінші жағдайда жеке ұйымдасқан топтар өзінің міндеттері мен мақсаттарымен қоса қылмыстық сыбайластыққа кіріп, оның мақсаттары мен міндеттеріне бағынады. Тиісінше бұл уақытта ол өз мақсаттары мен міндеттерін жоғалтады немесе олардың жүзеге асыруын болашаққа, кейінге қалдырады. Осылайша, тұтас берік ұйым пайда болады және бұнда сыбайластықтың міндеттерінен тысқары жатқан ұйымдасқан топтардың дербестігіне орын жоқ. Дегенмен, қылмыстық сыбайластықтың қандайда бір қалаларда филиалдарын құру мен оның өзімен бірге сол қалаларда қылмыстық бірлестіктерді қамтығанның

арасында айырмашылығын көре алмаймыз. Екіншіден, жағдай аз ерекшеленеді: қылмыстық сыбайластыққа кірген ұйымдасқан топтардың қызметтері сыбайластықтың жалпы мақсаттары мен міндеттеріне бағынып, өзінің дербестігін жоғалтады. Өзінің қылмыстық сыбайластықпен қамтылмаған басқа бөлігінде ұйымдасқан топтар өзінің дербестігін сақтап, ұйымдасқан топтар болып қала береді, сондықтан да бұл жерде біз жеке ұйымдасқан топтарды емес, берік бірлестіктерді көре аламыз. Қылмыстық-құқықтық бағытта қылмыстық сыбайластықтың екінші түрін анықтаудың ерекше маңызы жоқ. Бірақ дегенмен де, оның арнайы криминалистикалық немесе криминологиялық маңызын жоққа шығара алмаймыз.

Қылмыстық сыбайластықтың дербестігі оның арнайы белгілерін ажыратуды талап етеді. Осыған орай алдымен заңда қарастырылатын қылмыстық сыбайластықтың белгілерін қарастырайық: 1) ұйымдасқан топтың белгілері (тұрақтылығы, бірігушілігі, бір немесе бірнеше қылмыстардың жасалуы); 2) беріктігі және 3) ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасауға бағытталуы.

Ұйымдасқан топтың көрсетілген белгілері қылмыстық сыбайластық үшін ерекше болып танылмайды, олар қылмысқа қатысудың бұл нысандарын ажыратпайды, керісінше, оларды біріктіреді. Бұл орайда ұйымдасқан топтың белгісі ретінде тұрақтылық пен қылмыстық сыбайластықтың белгісі — беріктіктің ара-қатынасы әлі де анық емес. Бұл құбылыстар арасындағы тығыз байланысқа қылмыстық құқық теориясында зейін қойылған еді. Бірақ кейбір авторлар тұрақтылық пен беріктікті қылмыстық сыбайластықтың дербес белгілері деп есептейді. Біздің ойымызша, бұл олай емес. Тұрақтылық ұйымдасқан топтың белгісі ретінде, бір жағынан, жоспарланған немесе болжанатын қылмыстардың қатарын жасауға, қылмыстық әрекетпен айналысуға бағытталған қасақаналық пен сөз байланысушылық, субъективтік байланыстардың тұрақтылық деңгейін белгілейтін факторлар ретінде кездейсоқ емес, тұрақты қылмыстық ұйымның пайда болуын дәлелдейді. Басқаша қарағанда, тұрақтылық нақты бір жағдайда қоғамның негізгі белгісін беріктігін қайталайды — себебі соңғысы кооперативті әрекеттен қатынастардың әрекеті мен ниетін ерекше нысанының объективті өзара тәуелділігі ретінде әрекет ете алмайды. Олар өз кезегінде қылмыстық сыбайластықта тұрақтылық арқылы көрінеді. Сол уақытта тұрақтылық сыбайлас жемқорлықсыз, қауіпсіздіктің ішкі құрылымдарын құруынсыз, қатаң ішкі тәртіпсіз, яғни онымен тығыз байланысты тұрақтылықтың қандай да бір белгілерісіз әрекет ете алмайды.

Тұрақтылық пен беріктікті белгілері бойынша айыруға талпынған, А.Г.Корчагиннің пайымдауынша, «тұрақтылықты сипаттайтын белгілердің қатарына мыналарды жатқызуға болады: екі немесе одан да көп адамдардың болуы; ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасауға бағытталған бірдей қасақаналық, қылмыстық әрекеттің нысандары мен әдістерінің салыстырмалы түрдегі тұрақтылығы әрекет етуінің ұзақтығы, ұйымның нақты бір деңгейінің болуы (қылмыстарды жасауды жоспарлау және мұқият дайындық, топтардың мүшелері арасындағы ролдерді бөлу т.б.), топ құрамының тұрақтылығы; ұйымның ұйымдастырушысының жетекшісінің қоса болуы» [1]. Жалпы автормен келісуге болады, бірақ көрсетілген белгілердің кейбіреулері тұрақтылық үшін ерекше болып табылмайды; қылмыстық сыбайластықтың белгісін анықтаушы ретінде екі немесе одан да көп тұлғалардың болуы, ролдерді бөлу, ұйымдастырушының болуы міндетті емес. Себебі олар құқыққа қатысудың топтық белгілерін құрайды және сол себептен оларды қылмыстық сыбайластыққа қатысты белгілеудің мәні жоқ. Бұл сол бірегейлі қасақаналыққа да қатысты, бірақ автор екі белгіні араластырып (бірегейлі қасақаналық пен ауыр және аса ауыр қылмыстарға бағытталуы), барлығын бір белгіге айналдырып, тиісті заңның толық сәйкестігіне сай сын шеңберінен тыс тұрды. Біздің пікірімізше, бұлай жүзеге асыруға болмайды. Біріншіден, біз бұл жерде екі белгіге иеміз, олардың біреуі объективтік (қылмысқа қатысуда жасалатын қылмыстың сипаты), басқасы — субъективтік (кінәнің сипаты). Екіншіден, бірегейлі қасақаналық, сондай-ақ қылмысқа қатысуды тұтастай сипаттап, қылмысқа қатысудың талқыланатын нысанының түрлі белгісі болып табылмайды. Үшіншіден, тек ауыр және аса ауыр қылмыстарға қатысты қылмыстық сыбайластықтың әрекет етуін шектеуді анықтау қажет. Төртіншіден, аталған араластыру барлық топтық белгілерді арнайыларға қалыптастыруы мүмкін: ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасауда екі немесе одан да көп тұлғалардың болуы, ауыр және ерекше ауыр қылмысты жасаудың үйлесімділігі т.б. Бұл қылмыстың сипатын қылмысқа қатысудың талқыланатын нысанының негіздеуші белгісіне айналдырады, бірақ бұл шын мәнісінде олай емес. Қалған белгілер өзгертіліп, тұрақтылыққа жатқызылуы мүмкін.

Мұнда А.Г.Корчагин беріктік белгілерін келесідей анықтайды: «Қылмыстық ұйымның мүшелерінің өзара қатынасының болуы; міндеттерді қылмыстық ұйымның мүшелерінің арасында

ғана емес, сонымен қатар осы ұйымға кіретін топтардың арасында бөлу; топтық тәртіпке бағыну, басқарушының немесе ұйымдастырушының нұсқауларын бұлжытпай орындау».

Біздің көзқарасымыз бойынша, автор беріктіктің мәнін аша алған жоқ. Ең алдымен рөлдерді бөлу — қылмысқа қатысудың жалпы белгісі. Мұнда А.Г.Корчагин қылмыстық сыбайластықта осыған қосылған топтардың міндеттерін бөлудің бар екенін дұрыс айтқан, бірақ бұл белгі ұйымдардың жоғарғы дәрежесін көрсетеді, ал автор оны өзі тұрақтылыққа жатқызады, яғни ол оны беріктіктің шегінен шығарып тастауы керек, себебі ол беріктік пен тұрақтылықты ажыратпақшы болған еді. Өзара тығыз қатынастың болуы да жоғарғы дәрежедегі ұйымдасушылықты білдіреді де, оны тұрақтылыққа жатқызады. Дәл осыны топтың тәртіпке бағынуы туралы да айтуға болады, себебі ұйымдастырушыға бағынусыз жоғарғы дәрежеде ұйымдасушылықтың болуы мүмкін емес. Сонымен қатар автор ұйымдастырушымен қоса басқарушы деген қатысушыны қосып қойған, ал қылмыстық құқық ондай қатысушыны танымайды. А. Г. Корчагин беріктіктің белгілерін анықтау барысында «басқарушының немесе ұйымдастырушының» деп жекелеп айтқан, яғни ол басқарушыны ұйымдастырушы ретінде таныған.

Автор тұрақтылық пен беріктікті ерекшеленуді көздей отырып, қылмыстық құқықтағы қылмысты сыбайластықтың анықтамасын құптайды, қылмыстық сыбайластықтың ұйымдасқан топпен немесе осындайлардың арнайы мақсатпен ұйымдасуына сәйкестендіріледі. Егер тұрақтылықта зерттеліп отырған қатысу нысаны қалай да болса қатыстырса, беріктік мұнда қатыстырылмайды, бірақ автор өз мақсатында оның құрылымына қылмыстық ұйымның белгілерін енгізуге тырысады.

Қылмысқа қатысудың аралас нысандарының ара жігін ашуға қылмыстық сыбайластық ретінде ұйымдастырушылық белгісімен ұйымдасқан топты тануға ішкі келіспеушіліктер күрделі қиыншылықтар тудырады. Себебі сыбайластықтың белгісі — беріктік. «Берік ұйымдасқан топқа» берілген заңдық анықтаманы жіктесек және оған ұйымдасқан топтың белгілерін қосып қарастырсақ: алдын ала ұйымдасқан берік тұрақты адамдар тобы. Шындығын айтсақ, беріктікті ұйымдасушылық арқылы ашу конгломератын біз түсінбедік. Бұл нені білдіреді — берік ұйымдасушылықты ма әлде ұйымдасқан беріктікті ма? Бұл белгілердің өзара келісуі күрделірек, бірақ мұнда беріктік «жоғары» дәрежедегі белгі ретінде өз құрамына ұйымдасушылықты жеке элемент түрінде енгізеді. Бірақ заң шығарушымен келісіп ұйымдасушылықты ұйымдасқан топтың белгісі ретінде қарастырып, оны беріктен шектеп тастаса, ол екеуі мүлдем әр түрлі өз алдына жеке-жеке белгілер болып табылады. Егер беріктікті ұйымдасушылықтың құрамына енгізсек, заң шығарушының кейбір жеке белгілерді жоққа шығарып — берік ұйымдасқан топ дейміз. Бұл жұмбақ шеңбер тек қана заң шығарушы қылмыстық сыбайластыққа нақты анықтама бергенде шешіледі.

Қылмыстық сыбайластық тек ауыр және ерекше ауыр қылмыстарға ғана таралуы қиыншылықтар әкеледі. Біріншіден, бұндай шектеу негізсіз, себебі қылмысқа қатысу нысанының барлығы қылмыстардың ауырлығына қарамастан, бүкіліне тең таралады. Сондықтан қылмыстық сыбайластық ауыр және ерекше ауыр қылмыстарға қалай таралса, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға дәл солай таралады. Екіншіден, ереже бойынша ауыр және ерекше ауыр қылмыстармен байланысты емес ұйымдасқан топ қылмыстық сыбайластыққа негізделіп құрылады. Қылмыстық сыбайластық өз негізінде криминалды емес, криминал алдында және төмен криминалды базада құрылады (жезөкшелік, ойын бизнесі, нашақорлық және т.б.) және сирек ауыр және ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін (қоғамда килерлік ұйымдар бірен-саран), жалпы алғанда ауыр қылмыстар жасау — бұл экономикалық немесе физикалық қауіпсіздік мақсатында жүзеге асырылатын қылмыстық сыбайластықтардың жанама іс-әрекеті. Қылмыстық кодекске қылмыстық сыбайластықты енгізіп, мемлекет ұйымдасқан қылмыстылықтың қайсысымен күреспекші — бірінші немесе екінші түрімен? Ең дұрысы, екеуіменде болса, онда заң шығарушының қылмыстық сыбайластық туралы норманың қолдану аясын тек ауыр және ерекше ауыр қылмыстарға ғана шектеу құқына иеленбеді.

Қорытындылай келе: 1) қылмыстық сыбайластық — топтық ұйымдардың аса қауіпті нысаны; 2) заң шығарушының орынсыз тілегінен қатысудың аса қауіпті нысанының жазалануына қосымша шарт қойылады (ауыр және ерекше ауыр қылмыстарды жасау кезінде), ал онша ауыр емес қатысу нысандары қандайда бір шартсыз жазаланады. Осыған орай, қазіргі заң шығарушының регламентациясы қылмыстық сыбайластықтың қоғамға қауіптілігінің жоғарылығын ескеруге мүмкіншілік бермесе, ауыр және ерекше ауыр қылмыстарға норманы қолдану шегін алып тастау қажет (Қылмыстық кодекстің 235-б. 31-б. 4-б.); 3) қылмыстық сыбайластыққа заңшығарушының стилистикалық анықтамасы максималды жетілдірілмеген; 4) әрекет етуші Қылмыстық кодексте

кылмыстық сыбайластықтың беріктіктен басқа тек өзіне ғана тән арнайы белгілері көрсетілмеген, оның өзіне де материалдық мазмұн қосу керек, онсыз оған тәжірибеде сүйену қиындау.

Кылмыстық сыбайластықтың ерекше белгілеріне беріктік пен тұрақтылықты жатқызған авторлардың пікірлерімен келісуге болады: «Беріктік пен тұрақтылық белгілері — кылмыстық сыбайластықтың оны басқа ұйымдасқан топтардан бөлектейтін ерекше белгісі» [2]. Бірақ бұнда беріктік пен тұрақтылықтың арақатысы мәселелері туындайды.

А. Г. Корчагин кылмыстық сыбайластықтың келесі белгілерін көрсетеді: «Біріншіден, кылмыстық сыбайластыққа беріктік тән; екіншіден, құрылуына арнайы мақсат болады; үшіншіден, кылмыстық сыбайластық болып (екі немесе одан да көп) осындай мақсатта құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігі танылуы мүмкін; төртіншіден, кылмыстық сыбайластықтың қоғамға қауіптілік дәрежесі жоғары; бесіншіден, кылмыстық сыбайластықтың аймақаралық, тіпті халықаралық байланысы болуы; алтыншыдан, кылмыстық сыбайластық жоғарғы дәрежедегі моральдік-психологиялық бірлікте болады; жетіншіден, кылмыстық сыбайластық иерархиялық құрамға иеленеді; сегізіншіден, кылмыстық сыбайластық іс-әрекетіне сыбайлас-жемқор мемлекеттік лауазымды тұлғалар тартылады; тоғызыншыдан, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 235-бабына сәйкес кылмыстық сыбайластықты ұйымдастыру фактісі аяқталған кылмыс құрамы болып табылады». Бұл жинақталған белгілердің барлығымен келісуге, әрине, болмайды. Ең алдымен, құбылыстық белгілер ішінен болуы және болмауы мүмкіндерін жеке алып қарастыру қажет, себебі әрбір топтың тек өзіне ғана тән ерекше белгілері болуы тиіс және олардың болуы міндетті болып табылады. Бұл белгілер кылмыстық сыбайластықта болмағанымен, қатысудың басқа нысандарында кездесуі мүмкін. Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген белгілер тізімінен үшінші, бесінші және сегізіншіні алып тастау керек. Сондай-ақ тағы бір жол бар: барлық белгілерді қосымша емес, міндетті белгі етіп қою, бірақ мұндай жағдайда қандай да бір белгіні тануда құбылыс көлемі императивті түрде өзгереді. Бұл жағдайда сегізінші белгіні алу өте орынды, бұндай белгіні кылмыстық сыбайластық белгілер жүйесіне енгізу оны тек сыбайласқан кылмыстық топтардан шектейді. Біздің көзқарасымызша, кылмыстық сыбайластық аясын былай шектеулік негіз бойынша дәлелді: 1) біз мемлекетпен оның қызметшілері арқылы тығыз байланыстағы кылмыстық топтарды бөліп аламыз; 2) біз кылмыстық сыбайластық аясын максималды шектейміз және қатаң анықтаймыз.

Жоғарыда айтылған белгілердің ішінен екінші белгі де жарамсыз деп айтуға болады, өйткені кылмысқа қатысу нысандарын кылмыстың ауырлығына қарай шектеуге болмайды. Дәл осы жерде тоғызыншы белгі де іске аспайтынға ұқсайды, оған себеп кылмыстық сыбайластық деп тану үшін заңдық нәтиже болу керек, ал зерттеліп отырған кылмыстық топты олай анықтау мүмкін емес. Сондықтан да А.Г.Корчагин ұсынған белгілер тізімі ішінен беріктік, жоғары дәрежедегі қоғамға қауіптілік, жоғарғы дәрежедегі моральдік-психологиялық бірлікте болу, иерархиялық құрылымдылықты қалдыруға болады, бірақ мұнда жалпы және арнайы сипаттағы белгілерге бөлуді ұмытпауымыз қажет: біріншіге жоғарғы дәрежедегі қоғамға қауіптілік пен жоғарғы дәрежедегі бірлесуді жатқызады, олар басқа белгілерде — беріктік, иерархиялық құрылымдылық және тағы басқаларында нақтыланған.

Егер мәні жағынан қарасақ, барлық көзқарастар бір-бірімен аса ұқсас болып келеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, бір медальдың екі жағы сияқты тұрақтылық пен беріктікті кылмыстық топтасудың ішкі және сыртқы жай-күйі ретіндегі қатынасын Т.В.Шутелова нақты көрсетті. Беріктікті біз кылмыстық сыбайластықтың жалғыз конструктивтік белгісі, ал тұрақтылық пен келісімділік оны сипаттайды деп санаған соң, Т.В.Шутелованың позициясы соңғы екі белгіге ауысып кетуі мүмкін. Осыдан тұрақтылық кылмыстық топтың тұрақты болуына тырысуын көрсетеді.

Келісімдік бірнеше әр түрлі факторлардан тұрады: а) қатал конспирация; б) басқару мен бағынудың көп деңгейлі иерархиясы, ал орындаушылардың төменгі деңгейіне жоғары дәрежедегі басқарушылар туралы беймәлім болады; в) қатал ішкі тәртіп; г) кылмысты жасауда ұйымды қару мен құралдармен қамтамасыз етудің ойламаған жүйесі; д) нақты анықталған қызмет мақсаттары, әрине, бұл А.Г.Корчагин сүйенетін жалпы мақсаттар емес, бұл нақты тактикалық мақсаттар; е) бірлестіктің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ойластырған жүйесі; ж) сыбайлас жемқорлық байланыстар және т.б. Аталған функциялар көлемі неғұрлым көп болса, соғұрлым кылмыстық бірлестік қауіпті болады. Сонымен қоса кез келген кылмыстық бірлестік үшін міндетті функциялар жинағы болу керек. Барлық аталған функциялар аса маңызды деп ойлаймыз. Дегенмен бір мәселе туындап отыр. Беріктікте оны екі құрастырушы — тұрақтылық пен келісімдік бөлінеді, оның еш біреуінісіз беріктік және кылмыстық сыбайластық болу мүмкін емес. Бірақ осы әрбір құрастырушы өзінің белгілерінісіз әрекет

ете алмайды. Тұрақтылық жайлы азды-көпті түсінікті сияқты: қоғамның тұрақты болуына тырысу болмаса, ол да болмайды. Келісімдік жөнінде бәрі күрделірек, өйткені ол көптеген белгілермен сипатталады, ол олардың ішінен келісімдікке тән минималды жинақ құру қажет. Олардың біреуі болмаған жағдайда ол келісімдіктің тиісінше беріктік пен қылмыстық сыбайластық жойылуына әкеледі. Біздің көзқарасымыз бойынша, мұндай белгілер ретінде көп деңгейлі иерархия, қатал топ ішіндегі тәртіп, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ойластырылған жүйе ұзақ уақыттағы қызметтің нақты анықталған мақсаттары танылады, яғни бұл белгілер жиынтығынсыз келісімдіктің болуы мүмкін емес.

Қылмыстық сыбайластықта қылмыстардың көптілігі мен қатысушылық нысандарының ара қатынасы мәселесі туындайды. Бұрын айтылып кеткендей, қасақаналықпен сөз байласудың бірқатар қылмыс жасауға бағытталуы тұрақтылықты субъективті нәрсе ретінде құрайды. Бірақ ол жеткіліксіз, өйткені қылмыстық сыбайластық — тек санада ғана қалыптасушы емес, сонымен қатар біріккен тұлғалардың нақты бір анықталған немесе анықталмаған қылмыстар шеңберін жасаушысы. Аталған қасақаналықтың жүзеге асырылуы кезінде қылмыстық сыбайластықтың қоғамдық қауіпі көп рет ұлғайып, дәл осы жерде тұрақтылық толық көлемде көрінеді, өйткені қатысушылық қылмысты жасамай өмір сүре алмайды, себебі қатысушылық әрқашанда бірлесіп қылмыс жасауды білдіреді. Сондықтан да тұрақтылық қылмыстық сыбайластықтың белгісі ретінде міндетті түрде көпшілікке негізделеді, бірақ оны өзіне қоспайды, сондықтан да қылмыстық ұйымда параллельді түрде субъективті, яғни тұрақтылық, әрі объективті бір реттік емес жағдайлар бар. Осыдан қылмыстық сыбайластық қатысушылықтың нысаны ретінде олардың қасақаналығы мен сөз байласуға бағытталған қатысушылардың барлық тәртібін көрсетеді.

Айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, зерттеліп отырған қатысушылық нысанына қарапайым түсініктеме беруге болады: қылмыстық сыбайластық деп қоғамға қауіпті қызметімен бірнеше мәрте тұрақтылық пен келісімділікке байланысты берік қылмыстық ұйымды танимыз. Анықтамадан қылмыстық сыбайластықтың белгілері көрініп тұр: а) қылмыстық топтың тұрақтылығы; б) оның қатысушыларының әрекеттеріндегі келісім; в) жасалатын қылмыстардың бірнеше мәртеделілігі.

Қатысушылықтың аралас нысандарынан қылмыстық сыбайластық аталған белгілерімен ерекшеленеді, осылайша, элементарлы қатысушылықтан зерттелетін қылмыстық топ тұрақтылық пен де, беріктігімен де ажыратылады, ал элементарлы қатысушылықта қылмыстардың көптігі болады, тұрақтылығы болмауы да мүмкін, яғни қылмыстық қызметтің көптігіне алдын ала келісімдігі жоқ. Дәл осымен қылмыстық сыбайластық ұйымдасқан топтан да ажыратылады.

Автор А.Бейсеновтың пікірінше, «ұйымдасқан қылмыстылық не әкімшілік не мемлекеттік шекараны танымайды. Қылмыстық сыбайластыққа тек қылмыстық жолмен пайда табатын жағдай болса болады, олардың іс-әрекеттері кез келген аймақта көрінуі мүмкін» [3].

Ал В.Ярочкиннің пайымдауынша, «қылмыстық сыбайластыққа бірігудің негізі тұлғалардың (топтардың) көп жағдайда олардың қылмыстық мүдделерінің ортақтығында және сондай-ақ этникалық белгілерінде (мысалға шешендік, азербайджандық топтар) немесе «жерлестік» қағидасына байланысты болады» [4].

Сонымен қатар ұйымдасқан топтан қылмыстық сыбайластықты ерекшелейтін беріктік (бірлестік) белгісінің ұғымын қарау орынды. С.И.Ожеговтың сөздігі бойынша, беріктік тату, ұйымдасқан, ынтымақты деген ұғымдарды білдіреді. Синонимдер сөздігінде беріктік мықты достықпен (татулықпен) байланысты түсіністікпен, ынтымақтастықпен енуді білдіреді. Ұйымдасқан топтардың беріктігі қылмыстық сыбайластықтың ерекше белгісі ретінде қылмыстық топтың ұйымшылдығының ең жоғарғы дәрежесін білдіреді, олардың қатысушылары тек бірнеше қылмыстық іс-әрекетке бірігіп қана қоймайды, сонымен қатар толық түсіністікпен, ынтымақтастықпен еніп, мықты татулыққа бекінген. Сондай-ақ ұйымдасқан топтан қылмыстық сыбайластықты тек беріктік белгісі бойынша ерекшелеуге болмайды. Өйткені ұйымдасқан топ тұрақты бола тұрып берік ұйыммен тығыз байланысты. Қылмыстық сыбайластық болып тек оның қатысушылары ауыр қылмыстар жасау мақсатын көздегенде ғана танылуы мүмкін. Осыған байланысты тұрақтылық және беріктік қылмыстық құқықтық сипаттамасы бойынша тең дәрежеде ұйымдасқан топ пен қылмыстық сыбайластық ұғымдарына кіреді.

Ғалымдар Е.Оңғарбаев пен Б.Нұрғалиев пайымдаулары ауыр және ерекше қылмысқа жататын, бірақ тұрақты әрі үстеме пайда келтіретін қылмыс жасау үшін біріккен ұйымдасқан топты банда, яғни қылмыстық ұйым, деп түсіндіреді [5].

Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты пленумы ұйымдасқан қылмыстық топ деп бірнеше қылмыс жасамақшы оймен алдын ала біріккен екі немесе одан да көп адамнан тұратын тұрақты топты түсіндіреді. Бұндай топ ең жоғарғы ұйымдасқандығы, қылмысты жоспарлауы мен оған жан-жақты даярлық жасауы, қатысушылар арасында рөлдерді бөлу, қылмыс құралдарын және қаруын әзірлеу, қатысушыларды таңдау, қылмысты жасырудың алдын алу шараларын қамтамасыз ету, топтық тәртіп пен ұйымдастырушы талаптарына бағыныштылығымен сипатталады.

Ұйымдасқан топ түсінігінің аталған криминологиялық белгілері тек қана құрылымның тұрақтылығын ғана емес, сондай-ақ қылмыстық сыбайластықтың бағаланушы белгісі болып табылатын беріктігін де куәландырады. Осыған байланысты бұл белгілер ажырамастан әр түрлі қатынаста ұйымдасқан топ пен қылмыстық сыбайластықтың түсінігінде болуы мүмкін. Сондай-ақ әшкерелеуге потенциалды қауіппен біріккен сериялы қылмыстар жасаған ұйымдасқан топ қатысушыларынан әлі қатысушылары өзге қылмыстар жасамаған жаңадан құрылған қылмыстық сыбайластық (ҚР ҚК 235-б. 1-б.) беріктігі төмендеу болуы мүмкін.

Осыған орай заң шығарушы тұрақтылық пен беріктілікті ұйымдасқан топ пен қылмыстық сыбайластықты ажыратушы белгілері ретінде бекітуіне байланысты заң әдебиеттерінде бұл түсініктерге нақтырақ сипаттама беруге тырысады. Л.Д.Гаухман мен С.В.Максимовтың пайымдауынша, тұрақтылық топтың ұйымдастырушысы мен жетекшісінің болуымен сипатталады. «Ұйымдастырушы топты құрып, қатысушыларды таңдап, олардың арасында рөлдерді бөліп, тәртіпті белгілейді, ал жетекшісі тұтас топтың және оның әрбір қатысушысының күрделі іс-әрекетін мақсатын, жоспарын қамтамасыз етеді». Сондай-ақ авторлар тұрақтылықтың барлық белгілері беріктікке тән екенін көрсете отырып, беріктіліктің өзін сипаттайтын белгілерді бөледі: «Оларға ортақ қасса — «общак», арнайы техникалық құралдардың болуы, конспирация, айналмалы кепілдік және т.б. жатады» [6].

«Айналмалы кепілдік», мысалы, мына жағдайларда көрінеді: бір ғана қылмыстық іс бойынша сотталуды қосқанда, бұрыннан қылмыстық топ мүшелерінің бірге жасауы; бұрын қылмыскерлердің бір бас бостандығынан айыру орнында болуы; қылмыскерлердің бір-бірі туралы мәліметтерді білуі (қылмыс туралы), топта тәртіпті қолдау үшін қорқыту, зорлықты қолдану және т.б. Конспирация қылмыстық жаргондарды, шифрларды, парольдарды, шартты атаулар мен белгілерді қолдануда және т.б. көрінуі мүмкін. Ортақ қасса («общак») — қылмыстық іс-әрекет нәтижесінде алынған ақша қорлары мен өзге де құндылықтардың топ билігінде (немесе топ атынан ұйымдастырушы, басқарушы билігінде) болуы. Арнайы техникалық құралдар — бұлар әр түрлі жасырын тыңдау және жасырын тыңдауға кедергі келтіретін құрылымдар (жучок, скеллер және т.б.), қорғау сигнализациясы, көлік құралдары және тағы басқалардан тұрады.

Алайда аталған талдауларды көңілге қонымды деп айту қиындау. Өйткені аталған беріктіктің белгілері конспирация, айналмалы кепілдік, арнайы техникалық құралдардың болуы қатысушыларды таңдауда және бөлуде жеткізіледі, ұйымдастырушы немесе жетекші жағынан тәртіпті белгілеу (аталған авторлардың талқылауы бойынша тұрақтылық белгілері), демек белгілер тобының екеуі де ұйымдасқан қылмыстық құрылымның кез келген нысанының сипаттамасының құрамдық бөлігі болып табылады. Тұрақтылық пен беріктік түсініктерінің жеткілікті анықталмауына байланысты бұл терминдер тергеу және сот қателіктерінен кепіл беретін және жіктеуді қолданатын тұлғалардың субъективтік бағасына тәуелсіз бағалаушы белгілер ролін атқара алмайды.

Егер практикада айырмашылық өлшемі ретінде жұмыс жасамайтын бағалаушы белгілер: ұйымдасқан қылмыстық топты сипаттаушы тұрақтылық және қылмыстық сыбайластықты сипаттаушы беріктік назардан тыс қалдырылса, мынадай орынды тұжырым жасауға болады. Криминологиялық сипаттамасы бойынша тең мағыналы ұйымдасқан қылмыстық құрылым қылмыстық сыбайластық болып тек Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 31-бабының 4-бөлімінде бекітілген бір белгісі — қылмыстық сыбайластықты құру мақсаты бойынша танылуы мүмкін. Егер ұйымдасқан топ ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін құрылса, осындай құрылым болып танылады, яғни жасаған қылмысы үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 10-бабына сәйкес аса ауыр және 5 жылдан кем емес бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін.

Сонымен қатар назар аударатын бір жайт, заңшығарушы (ҚК 31-б.) қылмыстық сыбайластық пен қылмыстық ұйым арасында қандайда бір айырмашылық жасамайды, тек жақшаға алып ұқсастық белгісін қояды. Егер мұндай ұқсастық болса, заң нормасында бір түсінікті сипаттайтын екі термин қолдану дұрыс емес шығар. Заң шығарушының бұндай әдіс-амалы қылмыстық сыбайластық пен

қылмыстық ұйым арасынан теориялық бос ұқсастық пен айырмашылық іздеуге және әбігерлікке әкеліп соғады.

Сыбайластық түсінігінің көп әлеуметтік белгісіне және абстрактылығына байланысты А.И.Гуров бұл түсінікті жалпы «қылмыстық ұйым терминімен ауыстыруды ұсынады» [7]. Бұндай ұқсас пікірді сонымен қатар А.Р.Зайнутдинованың ғылыми еңбегінен кездестіруге болады. Оның пікірінше, «қылмыстық сыбайластық — бұл ұйымның құрылымы, тек басқа түрі. Қылмыстық бірлестіктің қоғамға қауіптілігіне сәйкес және беріктікті айқындаушы ретінде бұл құрылым қылмыстық құқықтық баға үшін қажет. Сондықтан ол нормадағы диспозицияларда көрсетілген баптарда тек қылмыстық ұйым түсінігін қалдыру керек» [8]. Біздің ойымызша, қылмыстық ұйым қылмыстық сыбайластықтың құрамына енеді, өйткені қылмыстық сыбайластық қылмыстық ұйымнан жоғары тұратын күрделі құрылым және бұндай тұжырымға ғалымдардың ғылыми талқылаулары негіз болады.

Сонымен бірге көптеген мамандар қылмыстық сыбайластық ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекеттің ең жоғарғы нысаны дегенді қолдайды. Оны басқа нысандардан бірнеше криминалдық құрылымдарды біріктіруі, көп деңгейлігі ерекшелейді. Қылмыстық сыбайластықта қылмыстық ұйым мен тұтас топтар ғана емес, сонымен қатар осы құрылымдардың өкілдерімен құрылымдықтары қызмет етеді және жоғары инстанция ғана емес, криминалдық кәсіподақтың белгілерін иеленетін үйлестіруші (координациялық) орган болады [9].

Профессор Б.Нұрғалиевтің пікірінше, қылмыстық сыбайластық деп қылмыстық іс-әрекетті дамыту, құрылымдастыру бойынша бірге мақсат құрған және оның жүзеге асырылуына жағдай жасаған қылмыстық құрылымдарды (ұйымды, топты, топтарды), ұйымдастырушылардың тұрақты бірлестігін атайды [10].

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына Қатысушы-елдердің модельдік кодексі жобасының 39-б. 4-б. қылмыстық сыбайластық түсінігін былай ұсынған. Қылмыстық сыбайластық деп сыбайластықтың қылмыстық мақсатын орындау, қамтамасыз ету оның құрылымдарымен басқарушылық міндеттерді және сыбайластық мүшелері арасында әрекеттерді бөлуге негізделген бес немесе одан да көп тұлғалардың не бірнеше қылмыстық топтардың бірігіп, бірнеше ауыр және ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін ұйымдасқан тұрақты ұйымы танылады деп белгіленген. Берілген анықтамада қылмыстық сыбайластық белгілері түсініксіздеу, онда бірнеше топтар туралы айтылады, яғни оның қанша екені белгісіз, сондай-ақ сыбайластықтың ауыр және ерекше ауыр қылмыстар жасау қылмыстық мақсатын ұйымдастырушылыққа байланыстыру мүмкін емес және сот-тергеу тәжірибесінде бұндай қылмыстық сыбайластық белгілерін дәлелдеу қиынға соғады.

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған жағдайлардың барлығы қылмыстық сыбайластық пен ұйымдасқан топ түсініктерінің анықтамаларына толықтырулар енгізуді қажет етеді.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 31-б. көрсетілген ұйымдасқан қылмыстықтың екі нысаны жеткіліксіз, соған байланысты заңда басқа да — ұйымдасқан топ немесе қылмыстық ұйым бірлестіктері; аймақаралық қылмыстық сыбайластықтар; транснационалдық қылмыстық ассоциациялар, бірлестіктер; қылмыстық топтар; заңдағы ұрылдардың қылмыстық сыбайластығы және т.б. түсініктер беру орынды деген авторлар көзқарастарымен, Н.П.Водьконың пікірінше, келісу қиындық тудырады. Өйткені мұндай ұсыныстар ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың түрлерін және ұйымдасқан іс-әрекет нысандарын жаңылыстырып алуға әкеліп соғады дейді [11]. Осыған орай біз де осы ғалымның пікірін қолдай отырып, заңға ұйымдасқан қылмыстық құрылымның жаңа түсініктерін енгізу орынсыз деп санаймыз, өйткені Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 31-бабында көрсетілген екі нысанның арасынан нақты теориялық айырмашылық табу мүмкін емес. Ұйымдасқан қылмыстылық түсінігін көп сатылы кестеде бекіту практикада тек қосымша шиеленіске әкеледі, өйткені олардың дифференциациясы кейбір авторлармен қылмыстық құрылымдардың қатысушыларының қарулылығына және санына, яғни факультативті белгілеріне, байланысты жүргізіледі. Қылмыстық құрылымдардың түрлеріне келетін болсақ, оларды заңда бекіту қажет емес. Криминологиялық әдебиеттерде дайындалған ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарды жіктеу практиканы талдап қорытудың нәтижесі болды. Бұл жіктеу соңғы және өзгермейтін болуы мүмкін емес, жаңа қылмыстық құрылым түрлерінің пайда болуымен және басқаларының жойылуымен уақыт өзгерістер енгізіп отырады.

Қылмыстық сыбайластық — тек ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасауға бағыттылығы бойынша ғана емес және қоғамға өте қауіпті, қылмыстық ұйымдастырушылықтың жаңа сапасы. Мысалы, жүйелі қылмыстық табыстар табатын және жоғары тұрақтылығымен, беріктігімен сипатталатын қылмыстық құрылымның қолсұғушылығының заты — Қылмыстық кодекспен ауыр қылмыс-

тар санатына жатпайтын жезөкшелікпен айналысуға тарту (270-б.) болып табылады. Тек бір ғана белгісі бойынша бұндай құрылым қылмыстық сыбайластық ретінде саралана алмайды және, ең бастысы, оның жетекшісі ұйымдастырғаны және басшылық еткені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Қылмыстық құрылымның сапасын оның қатысушыларының жасаған қылмыстарының ауырлығы арқылы анықтау орынды емес, сонымен қатар құқыққорғау органдары қызметкерлерінің арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша 75 % бұл пікірді қолдап отыр. Ұйымдасқан топ пен қылмыстық сыбайластықтың қоғамға қауіптілік дәрежесі көбіне криминологиялық белгілерімен бағаланады. Қылмыстық сыбайластық алдымен қатысушыларын көбіне бір тектес қылмыстар жасауға мамандандыру; олардың үзілмейтіндігі немесе жүйелілігі; оның қатысушыларының бағыныштылығы және құрылымның қатаң иерархиялылығы; қылмыстық табыстардың ортақ қассаға түсуі; қылмыстық жолмен табылған қаражаттарды заңсыз экономикалық мәмілелерге салу; қылмыстық табыстарды жасыру үшін жалған құрылым құру және т.б. сипатталады.

Ұйымдасқан қылмыстық топты сипаттайтын негізгі белгілерінің бірі оның ұйымдастырушысы немесе жетекшісінің болуы болып табылады. Сондықтан да тек қылмыстық сыбайластықтың (қылмыстық ұйымның) ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін біріккен қатысушыларын ғана емес, кез келген ұйымдасқан топты ұйымдастырғаны және басшылық еткені үшін жауапкершілік белгілеу қажет. Егер қандай да бір қылмыстық құрылымның қатысушылары ұйымдасқан топты ұйымдастырғаны және басшылық еткеніне кінәлі болып табылмаса, онда ондай топты ұйымдасқан топ санатына жатқызуға болмайды, ұйымдасқан қылмыстықтың қоғамға қауіптілігінің жоғары дәрежесі, мұндай топты ұйымдастырудың өзі жазалануға тиістігінен тұрады.

Қылмыстық сыбайластық үшін негізгі екі белгі тән. Біріншіден, топтың тұрақтылығы. Бұл белгі заңға қарама-қарсы іс-әрекеттерді жасау мақсатында криминалдық сипатта икемделген бірнеше тұлғалардың бірігуін білдіреді, яғни олардың мақсаты әрдайым қылмыстық жолмен өмір сүру болып табылады. Мұндай топта қатаң теория, міндеттерінің айқын бөлінуі сақталады: онда лидер оның орынбасары, орындаушылар, боевиктер («торпедалар») және сілтеушілер, қылмыстық жолмен алынған мүлікті өткізетін адамдар және т.б. бар. Екіншіден, олардың билік құрамдарымен, әкімшіліктермен, полициямен, соттармен, прокуратурамен және өзге де жоғарғы эшелондармен тұтасуға (немесе оларға ұмтылуға) деген талпыныстары байқалады. Бұл үшін сатып-алу, шантаж (бопсалау), алдау, тікелей қорқытушылық, әр түрлі қызмет көрсету және т.б. сол сияқты әрекеттер қолданылады.

Сонымен қатар қылмыстық сыбайластық ұйымдасқан топтардың бірлестігі болып табылады. Бірлестік екі немесе одан да көп ұйымдасқан топтардан тұруы қажет және тұрақтылығымен сипатталуы тиіс.

Қылмыстық сыбайластық қылмысқа қатысу нысанының ең қауіпті түрі болып табылады, олар қоғамдық қауіпсіздікке, құқықтың үстемдігіне және өзге де мемлекеттік институттарға үлкен қатер туғызады. Қылмыстық ұйымшылдықтың ерекше қауіптілігі, зерттеушілер көрсетіп отырғандай, олардың бірте-бірте агрессивті, көп сипатты, ашық және шығармашыл бола түсуінде болып отыр.

Қылмыстық сыбайластық Қылмыстық кодексінің 31-б. 4-т. сәйкес ұйымдасқан қылмыстық топ пен бандадан ауызбірлік белгісімен және оның ауыр және ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін құрылу мақсатымен ерекшелінеді. Қылмыстық ұйымның ұйымшылдығы, әдетте, жоғары дәрежеде болады және ол жекелеген қылмыстық бірлестіктерден немесе ұйымдасқан қылмыстық топтардан тұрады.

Қылмыстық сыбайластық, негізінде, Еуропадағы Греция, Италия, Германия және тағы басқа батыс елдерде таралған және өзінің орнықты сипатын көрсетіп келе жатыр. Олар әдетте «мафия», қылмыстық «синдикат», «семья» деп аталады.

Батыс аналогтарына қарағанда, мафия, яғни қылмыстық сыбайластық, — ең жоғарғы дамыған түрі. Мафия — бұл қаржы кеңістігінде және саяси құрылымдарға дәндеп енетін, наркобизнесі, ойын бизнесін, порнобизнес пен жезөкшелікті, тапсырыспен кісі өлтіруді, ақша алу мақсатында адам ұрлау қылмыстарын жетекшілікке алатын, қысқаша айтқанда, көп салалы ұйым. Қылмыстық сыбайластық бірнеше топтарды өз құрамына біріктіреді.

Ол сырт қарағанда негізінен жекелеген топтар құрайтын пирамиданың жоғарғы ұшы сияқты. Қылмыстық «синдикаттың», мафияның басшысы («крестный отец» — аударғанда «өкіл әке») барлық семьяларды жалпы басқаруды жүзеге асырады. Бұйрықтардың талқыланусыз орындалуы, тыңдамағандық, бағынбаушылық үшін қатал жазалау, қатаң конспирация, «семьялардың» («отбасылардың») бүтіндей бір аймақты, тіпті қалаларды бақылауына алатын тармақталған жүйесі, міне, мафияға тән белгі, сипаттары осындай.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің тек төрт бабында ғана қылмыстық сыбайластық көрсетілген (ҚК 193, 214, 235 және 259-б.). Бұлардың үшеуінде, яғни 193, 214, 259-баптарға сәйкес, қылмыстың қылмыстық сыбайластықтармен жасалуы қылмыстық жауапкершілікті ауырлататын мән-жай ретінде, саралаушы белгі сипатында көрсетілген. Ал біреуінде, яғни 235-бапта, қылмыстық сыбайластықты құру және басқару үшін, сонымен қатар қылмыстық сыбайластыққа қатысқандық үшін жауапкершілікті анықтаған.

Қылмыстық сыбайластықпен (ұйыммен) жасалған қылмыстың қоса орындаушылары ретінде тікелей орындаушылар да, яғни қылмыс құрамының объективтік жағын толық не оның бір бөлігін атқарған тұлғалар да, ұйымдасқан топтың ұйымдастырушылары мен жетекшілері де, сонымен қатар қылмыстың жасалуына жағдай жасаған, сол мақсатта қылмыстық ұйым мен тығыз қарым-қатынаста болған қатысушылар да танылуы мүмкін.

Қылмыстық сыбайластықпен жасалған қылмыстың аяқталу сәті объективті жақтың толық орындалған кезі болады. Бірақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 31-б. 5-т. сәйкес, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарымен қарастырылмаған жағдайларда қылмыстық сыбайластықты құру, оның құрылуы мақсатындағы қылмыстарды жасауға дайындалу ретінде қылмыстық жауапкершілікті туғызуы мүмкін.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың өсіп келе жатқан қарқыны және онымен күресті күшейту міндеттері заңда қылмыстық сыбайластықтың өте нақты анықтамасын бекітуді талап етеді. Сондықтанда да, біздің ойымызша, бұл түсінікті Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 31-б. 4-б. келесі редакцияда беру орынды болар еді. Егер қылмысты екі немесе одан да көп ұйымдасқан топтардың қылмыстық бірлестігіне енетін адамдар, олардың ұйымдастырушылары (жетекшілері) қылмыстық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша шаралар дайындау немесе іске асыру, оның дамуына жағдай жасау үшін өзге де қатысушылар жасаса, ол қылмыстық сыбайластық жасаған қылмыс деп танылады (ерекше нысаны).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Корчагин А.Г. Преступление в сфере экономики и экономическая преступность. — Владивосток, 2001. — 254 с.
- 2 Наумов А.В. Уголовное право: Курс лекций. — М.: БЕК, 1996. — 560 с.
- 3 Бейсенов А. Наступление на организованную преступность // Казахстанская правда. — 1992. — 10 окт.
- 4 Ярочкин В. Организованная преступность — откуда исходит угроза. — М.: Юринфор, 1995. — 234 с.
- 5 Оңғарбаев Е.А., Нұрғалиев Б.М. Ұйымдасқан қылмыс. Онымен күрес қайтсе жанданады? // Заң газеті. — 1998. — 18 наур.
- 6 Гаухман Л.Д., Максимов С.В. Уголовная ответственность за организацию преступного сообщества: Комментарий. — М.: Юринфор, 1997. — 93 с.
- 7 Гуров А.И. Профессиональная преступность: прошлое и современность. — М.: Юрид. лит., 1990. — 303 с.
- 8 Зайнутдинова А.Р. Ответственность за организованные формы соучастия в преступлении по российскому уголовно-му праву. — Казань, 2001. — 86 с.
- 9 Организованная преступность – 2 / Под ред. А.И.Долговой и С.В.Дьякова. — М.: Криминологическая Ассоциация, 1993. — 278 с.
- 10 Нурғалиев Б.М. К вопросу о криминализации структурированных форм организованной преступной деятельности // Тураби. — 1997. — № 1. — С. 98–103.
- 11 Водько Н.П. Уголовно-правовая борьба с организованной преступностью: Науч.-практ. пособие. — М.: Юриспруденция, 2000. — 80 с.

Д.О.Узбеков

Некоторые проблемы понятия преступного сообщества по законодательству Республики Казахстан

В статье рассмотрены понятие и признаки преступного сообщества как наиболее опасной формы соучастия в преступлении. В целях обеспечения эффективности борьбы с организованной преступностью автором выдвинут ряд аргументированных предложений по совершенствованию норм Уголовного Кодекса Республики Казахстан и повышению роли в нем такого квалифицирующего признака, как совершение преступления в составе преступного сообщества.

D.O.Ozbekov

Some problems of the concept of community criminal law of the Republic of Kazakhstan

This article is discussed the concept and features of the criminal community as the most dangerous form of criminal complicity. In order to ensure the effectiveness of the fight against organized crime, the author puts forward a number of proposals to improve the well-argued provisions of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan and the role in it of this aggravating circumstance, as an offense in the criminal community.

References

- 1 Korchagin A.G. *Crime in the economic sphere and economics crime*, Vladivostok, 2001, 254 p.
- 2 Naumov A.V. *Criminal law: lectures*, Moscow: BEK, 1996, 560 p.
- 3 Beisenov A. *Combating to organize crime* // *Kazhstanskaya pravda*, 1992, 10, of October.
- 4 Yarochkin V. *Organized crime — where the threat from?* — Moscow: Urinfor, 1995, 234 p.
- 5 Ongarbaev E.A., Nurgaliev B.M. *Organized crime. How can fight against crime reappeared?* // *Law newspaper*, 1998, 18, of March.
- 6 Gaukhan L.D., Maksimov S.V. *Criminal responsibility to organize crime community: the commentary*, Moscow: Urinfor, 1997, 93 p.
- 7 Gurov A.I. *Professional crime: the past and the present*, Moscow: Uridlit, 1990, 303 p.
- 8 Zainutdinova A.R. *Responsibility for organized forms of complicity in the crime under Russian criminal law*, Kazan, 2001, 86 p.
- 9 *Organized crime – 2* / Edit. by A.I.Dolgova, S.V.Dyakov, Moscow: Criminological Association, 1993, 278 p.
- 10 Nurgaliyev B.M. *On the criminalization of structured forms of organized criminal activity* // *Turabi*, 1997, № 1, 98–103 p.
- 11 Vodko N.P. *Criminal legal fight against organized crime: scientific and practical guide*, Moscow: Jurisprudence, 2000, 80 p.